

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парактарын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 89 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 97 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 33 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 сәуірде № 22473 болып тіркелді

1. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парактарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 89 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17834 болып тіркелген, 2018 жылғы 6 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (



Р) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$\Sigma P = \Sigma P_3 + \Sigma P_H,$$

мұнда:

$$\Sigma P$$

– тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$$\Sigma P_3$$

– елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

**ΣРН**

– болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Тәуекел дәрежесін талдау және бағалау кезінде нақты бір бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын есепке алынған және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.";

қосымша осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі*

*A. Иргалиев*

*Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі*  
**"КЕЛІСІЛДІ"**  
Қазақстан Республикасы  
Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және  
арнайы есепке алу жөніндегі  
комитеті

*C. Омаров*

**Қазақстан Республикасы**  
Ұлттық экономика министрінің  
2021 жылғы 31 наурыздағы  
№ 33 мен  
Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2021 жылғы 30 наурыздағы  
№ 97 бүйрығына  
қосымша  
Асыл тұқымды мал  
шаруашылығы және балара  
шаруашылығы саласындағы

тәуекел дәрежесін бағалау  
өлшемшарттарына  
қосымша

## **Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау субъективті өлшемшарттары**

№	Өлшемшарттардың атауы	Бұзушылық дәрежесі
1	Алдыңғы тексерулердің бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде тізбеленген талаптар сақталмаған жағдайда белгіленеді):	
<b>Асыл тұқымдық орталықтар</b>		
1	Тұқымдық ауыл шаруашылығы жануарларын күтіп-бағуға арналған қора-жайдың болуы	елеулі
2	Тұқымдық жануарлардың ұрығын төменгі температурада мұздатуға және сактауга арналған зертхананың болуы	елеулі
3	Ветеринариялық-санитариялық өткізу орнының болуы	елеулі
4	Карантиндік үй-жайдың болуы	елеулі
5	Оқшаулағыштың болуы	елеулі
6	Ақаусыз зертханалық жабдықтың болуы	елеулі
7	Ақаусыз криогендік жабдықтың болуы	елеулі
8	Жоғары өнімді асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың барын растайтын асыл тұқымдық куәліктердің болуы	өрескел
9	Асыл тұқымды тұқымдық жануарларға сәйкестендіру жүргізілгендерін растайтын ветеринариялық паспорттардың болуы	елеулі
10	Асыл тұқымды жануарларды бағалаудың жиынтық ведомосінің болуы	өрескел
11	Тұқымдық бұқаларды ұрпағының сапасы бойынша тексеру мен бағалауды және бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынауды өткізуді есепке алуды жүргізу журналының болуы	өрескел
12	Тұқымдық бұқаларды ұрпағының сапасы бойынша тексеру мен бағалау және бұқашықтарды өз өнімділігі сынау куәлігінің болуы	өрескел
13	Деректерді есепке алуды жүргізу және уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына есептілікті ұсыну	болмашы
14	Штатта тиісті мамандықтар (зоотехния, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, ветеринария, биотехнология) бойынша мамандардың болуы	елеулі
<b>Дистрибутерлік орталықтар</b>		
15	Стационарлық биокоймалары бар өндірістік үй-жайлардың болуы	елеулі
16	Ақаусыз зертханалық жабдықтың болуы	елеулі
17	Ақаусыз криогендік жабдықтың болуы	елеулі
18	Деректерді есепке алуды жүргізу және уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына есептілікті ұсыну	болмашы
19	Штатта тиісті мамандықтар (зоотехния, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, ветеринария, биотехнология) бойынша мамандардың болуы	елеулі
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға бюджеттік субсидияларды алған жеке және заңды тұлғалар		

20	Жануарлардың жеке нөмірлерінің болуы	өрескел
21	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында жануарларды тіркеудің болуы	елеулі
22	Асыл тұқымды жануардың асыл тұқымдық күелігінің және ресімделген жеке карточкаларының болуы	өрескел
23	Республикалық палатада тіркелген асыл тұқымды жануарларды бонитерлеудің жиынтық ведомосінің болуы	өрескел
24	Асыл тұқымды жануарлар басының саны, тұқымдық және сыйыптық құрамы туралы деректерді асыл тұқымды жануарлардың мемлекеттік тіркеліміне енгізу	елеулі
Жергілікті атқарушы органдар		
25	Асыл тұқымды жануарлардың мемлекеттік тіркелімін жүргізу	елеулі
26	Бекітілген нысандар бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректерді есепке алуды жүргізу	болмашы
27	Үәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер ұсынатын есептіліктің болуы	болмашы
2. Бақылау субъектілері ұсынатын, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі АгроЕнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері:		
28	Асыл тұқымды жануарлардың мемлекеттік тіркелімінде дұрыс емес мәліметтердің болуы	өрескел
29	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында дұрыс емес мәліметтердің болуы	өрескел
3. "Бақылау субъектілеріне расталған шағымдар мен арыздардың болуы және саны" ақпарат көзі бойынша субъективті өлшемшарттар мыналар болып табылады:		
30	Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы бақылау субъектілеріне бір және одан да көп расталған шағымдар мен арыздардың болуы	елеулі